

Оқу, оқу-өндірістік, өндірістік және диплом алды практикаларды ұйымдастыру

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетті «И.В.Сахаров атындағы көлік техникасы және технологиялары» кафедрасында студенттерді практикалық дайындау ҚР Білім және ғылым Министрлігінің кәсіптік практикаға байланысты Ұсыныстарына сәйкес жүргізіледі. Практика оқу процесінің аясында ұйымдастырылады және студенттерді бірінші курстан бітіруші курсқа дейін қамтуды қарастырады.

Практикадан өтудің тәртібі және оны ұйымдастыру. Практика болашақ маман үшін практикалық дағдыларды дарыту және есеп беру үшін қажетті материалдарды жинаудың нақты базасы болып табылатын ЖОО мен кәсіпорын (ұйым) өкілдерінің басшылығымен өтпелі бағдарлама бойынша жүргізіледі.

Студенттер жеке тапсырмалар алады, «Практика күнделігін» жүргізеді және оның нәтижелері бойынша есеп береді. Практикаларды өткізу кезінде практиканттарды нақты жұмыс орындарына қабылдауға болады.

Практиканы өткізу мерзімдері оқу жоспарымен және оның кәсіпорында өтуі туралы шартпен айқындалады. Практикадан өту кезінде студенттер ішкі тәртіп ережелеріне бағынады және кәсіпорында табельдік есепте болады.

Студенттер практикаға жеке немесе оқу топтарының құрамында жіберілуі мүмкін. Студент-практиканттар тобынан жауапты студент тағайындалады, ол ҚазҰАЗУ мен кәсіпорынның практика жетекшілерінің көмекшісі болып табылады. Практикаға оқу-әдістемелік басшылықты кафедра оқытушысы кәсіпорын өкілімен тығыз өзара іс-қимылда жүзеге асырады.

Жұмыс орындарындағы студент-практиканттарға тікелей басшылықты кәсіпорынның тәжірибелі мамандары жүзеге асырады.

Студенттерді өндіріс бөлімдері мен учаскелеріне ауыстыру практика кезеңінде олардың әрқайсысы тиісті практиканың жұмыс бағдарламасында анықталған мәселелерді зерттеу бойынша барлық жұмыстарды орындауы үшін міндетті болып табылады.

«И.В.Сахаров атындағы көлік техникасы және технологиялары» кафедрасы бойынша студенттер оқу, оқу-өндірістік, өндірістік және диплом алды практикалардан мына білім беру бағдарламалары бойынша өтеді:

6B07104 - Көлік, көліктік техника және технологиялар

6B11301- «Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру»

6B11302- Логистика (сала бойынша)

1 курстан кейінгі оқыту практикалары кафедраның базасында өтеді.

«И.В.Сахаров атындағы көлік техникасы және технологиялары» кафедрасының дайындайтын мамандықтарының студенттері 2024-2025 оқу жылында кафедрадағы бұрыннан бар өндірістік практиканы өткізуге дайындалған келісім-шарттарға қосымша жаңадан 5 мекемемен өндірістік практика өту туралы келісім-шарт жасалды:

Төмендегі мекемелермен 2024 жылдан бастап 3 жылға біздің студенттерді практикадан өткізу туралы келісім-шарт жасалды.

№	Жұмыс берушілер	Мекеменің толық аты	Жұмыс беруші лауазымы
1	Бейсенбаев Александр Касымович	«АлматЭлектроТранс» ЖШС, Алматы	Бас директор
2	Кошкарев Виталий Владимирович	«ALLUR AUTO CENTER» ЖШС, Алматы	Бас директор
3	Анарбай Медет	«ТЕК ELECTRONIC» ЖШС, Алматы, Айнабулак ы/а, 12а	Бас директор
4	Оразаев Эрик Ермекович	«Семей моторс» ЖШС	Бас директор
5	Саганаки Асет	«ASTER AUTO» ЖШС, Алматы	Директор
6	Дүйсебаев Бақытжан	«Игілік Қызылорда» ЖШС, Қызылорда	Бас директор
7	Марченко Василий Павлович	«Global Bridge», Райымбек, 348	Директор
8	Орынбек Шерхан Ілиясұлы	«Nomadcar» ЖШС (Changan)	Директор
9	Айдаров Түгелбек	«Medina Global Trade» ЖШС, Алматы	Бас директор
10	Илямов Фархат	«Cargo supply solution» ЖШС, Алматы	Бас директор
11	Өтепбергенова Алмаш	«IMD COMPANY» ЖШС, Алматы	Бас директор





